

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 62 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 сәуірде № 13659 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 47 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 10.07.2019 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураның үлгілік оқу жоспары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Бейіндік бағыт бойынша магистратураның үлгілік оқу жоспары;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Бейіндік докторантураның үлгілік оқу жоспары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Академияның Ректоры Ұ.С. Байжанов:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д. Меркельге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2016 жылғы 4 сәуір

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығының
1-қосымшасы

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кадрларды даярлау бағыттары: 7М042 "Құқық" 7М123 "Қоғамдық қауіпсіздік"

Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер саны	Бақылау нысаны
1. Теориялық оқыту	кемінде 74	
1.1. Базалық пәндер циклі	кемінде 19	
1) ЖОО компоненті		

2) педагогикалық практика		Есеп
1.2. Бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 55	
1) ЖОО компоненті		
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы	34-тен аспайтын	
1) зерттеу практикасы		Есеп
2) тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы		Есеп
3. Оқытудың қосымша түрлері		
4. Қорытынды аттестаттау	12-ден аспайтын	
1) кешенді мемлекеттік емтихан		Емтихан
2) магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау		Қорғау
Барлығы:	кемінде 120	

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығының
2-қосымшасы

Бейіндік бағыт бойынша магистратураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кадрларды даярлау бағыттары : 7М042 "Құқық" 7М123 "Қоғамдық қауіпсіздік"

Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер саны		Бақылау нысаны
	Оқыту мерзімі 1 жыл	Оқыту мерзімі 1,5 жыл	
1. Теориялық оқыту	кемінде 35	кемінде 60	
1.1. Базалық пәндер циклі	кемінде 7	кемінде 14	
1) ЖОО компоненті			
1.2. Бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 28	кемінде 46	
1) ЖОО компоненті			
2 Эксперименттік-зерттеу жұмысы	13-тен аспайтын	18-ден аспайтын	
1) магистрлік жобаны орындауды қоса алғанда, магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы			Есеп
2) өндірістік практика			Есеп

3. Оқытудың қосымша түрлері			
4. Қорытынды аттестаттау	12-ден аспайтын	12-ден аспайтын	
1) кешенді мемлекеттік емтихан			Емтихан
2) магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау			Қорғау
Барлығы:	кемінде 60	кемінде 90*	

*оқыту мерзімі 1,5 жыл бейіндік бағыт бойынша магистратурада жалпы еңбек сыйымдылығы 110 кредиттен аспайтын көлемді құрайды.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығының
3-қосымшасы

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кадрларды даярлау бағыттары : 8D042 "Құқық" 8D123 "Қоғамдық қауіпсіздік "

Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер саны	Бақылау нысаны
1. Теориялық оқыту	кемінде 45	
1.1. Базалық пәндер циклі		
1) ЖОО компоненті		
2) педагогикалық практика		Есеп
1.2. Бейіндеуші пәндер циклі		
1) ЖОО компоненті		
2) практикасы		Есеп
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы	123-тен аспайтын	
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		Есеп
3. Оқытудың қосымша түрлері		
4. Қорытынды аттестаттау	12-ден аспайтын	
Докторлық диссертацияны жазу және қорғау		Қорғау
Барлығы:	кемінде 180	

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының

Бейіндік докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кадрларды даярлау бағыттары : 8D042 "Құқық" 8D123 "Қоғамдық қауіпсіздік "

Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер саны	Бақылау нысаны
1. Теориялық оқыту	кемінде 45	
1.1. Базалық пәндер циклі		
1) ЖОО компоненті		
1.2. Бейіндеуші пәндер циклі		
1) ЖОО компоненті		
2) өндірістік практика		Есеп
2. Эксперименттік-зерттеу жұмысы	123-тен аспайтын	
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы		Есеп
3. Оқытудың қосымша түрлері		
4. Қорытынды аттестаттау	12-ден аспайтын	
Докторлық диссертацияны жазу және қорғау		Қорғау
Барлығы:	кемінде 180	

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығына 5-қосымша

8D042 "Құқық" даярлау бағыты (ғылыми-педагогикалық бағыт) бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығына 6-қосымша

8D042 "Құқық" даярлау бағыты (бейіндік бағыт) бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығына
7-қосымша

8D123 "Қоғамдық қауіпсіздік" даярлау бағыты (ғылыми-педагогикалық бағыт) бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. Үлгілік оқу жоспары 7-қосымшамен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 10.07.2019 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 62 бұйрығына
8-қосымша

8D123 "Қоғамдық қауіпсіздік" даярлау бағыты (бейіндік бағыт) бойынша докторантураның үлгілік оқу жоспары

Ескерту. Үлгілік оқу жоспары 8-қосымшамен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 10.07.2019 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 02.02.2022 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.